

ЖАРИЯ ОФЕРТА

(«Фридом Банк Қазақстан» АҚ-тың «Пакеттік припэйд» өнімі бойынша алдын ала төленген төлем картасын шығару, тарату және қызмет көрсету шартын жасасу туралы ұсыныс)

«Фридом Банк Қазақстан» АҚ он сегіз жасқа толған, «Фридом Банк Қазақстан» АҚ-тың «Пакеттік припэйд» өнімі бойынша алдын ала төленген төлем картасын сатып алуға мүдделі кез келген жеке тұлғаға жасасуға мынадай шартты ұсынады:

«ФРИДОМ БАНК ҚАЗАҚСТАН» АҚ-ТЫҢ «ПАКЕТТІК ПРИПЭЙД» АЛДЫН АЛА ТӨЛЕНГЕН ТӨЛЕМ КАРТАСЫН/ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ТӨЛЕМ ҚҰРАЛЫН ШЫҒАРУ, ТАРАТУ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ШАРТЫ

Осы «Фридом Банк Қазақстан» АҚ-тың алдын ала төленген төлем картасын шығару, тарату және қызмет көрсету шарты (бұдан әрі – Шарт) Шарт жасасу туралы жария оферттің (бұдан әрі - Оферта) ажырамас бөлігі болып табылады және «Фридом Банк Қазақстан» АҚ-тың, бұдан әрі «Банк» деп аталады, бір жағынан, және он сегіз жасқа толған және Офертаны акцептеген кез келген әрекетке қабілетті жеке тұлғаның екінші жағынан «Клиент» деп аталады, Банктің алдын ала төленген төлем картасын (бұдан әрі – Карта) шығаруға, таратуға және қызмет көрсетуге байланысты қатынастарын реттейді, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар», ал жеке-жеке «Тарап» деп немесе жоғарыда көрсетілгендей аталады.

Клиенттің Брокердің Мобилді қолданбасында ОТР кодын енгізгені және Клиенттің Шартта көзделген тәртіппен Картаны/ЭТҚ-ны сатып алғаны Оферта акцепті болып табылады. Клиент Оферта акцептін жасаған сәттен бастап Шарт жасалған болып есептеледі.

Офертаны қабылдау (қабылдау) мерзімі белгіленбеген. Банк Офертаны кез келген уақытта қайтарып ала алады. Банк жеке тұлғаларды Офертаны кері қайтарып алатыны туралы мынадай тәсілдердің кез келгенімен (Банктің таңдауы бойынша):

- 1) Банктің және оның бөлімшелерінің орналасқан жері бойынша ақпараттық стендтерде Офертаның кері қайтарып алынғаны туралы ақпаратты орналастыру арқылы;
- 2) Офертаның кері қайтарып алынғаны туралы ақпаратты Банктің Мобилді қолданбасында немесе Банктің мынадай: www.bankffin.kz мекенжай бойынша сайтында орналастыру арқылы хабардар етеді.

Клиент клиентпен іскерлік қатынастар орнату/ жалғастыру және/немесе клиент операциялар жасаған/жасауға әрекет жасаған кезде, Банк Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, Шартқа, «Фридом Банк Қазақстан» АҚ-тың Операцияларды жүргізудің жалпы талаптары туралы қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) сәйкес Клиентті тиісті тексеруді жүзеге асыратынымен танысты және келіседі.

Клиент Банктің тиісті тексеру жүргізген сәтте және/немесе Қазақстан Республикасы заңнамасының, Халықаралық экономикалық санкциялардың талаптарын орындау шеңберінде Банктің Мобилді қолданбасына/ЭТҚ-ға/Картаға уақытша шектеулер қоюға, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, Шартқа және Қағидаларға сәйкес операцияларды жүргізуді тоқтата тұруға құқылы екенімен танысты және келіседі.

Клиент Шарттың, Қағидалардың ережелерін, Банктің Тарифтерімен және Операцияларды жүргізудің, «Фридом Банк Қазақстан» АҚ-тың банктік шоттары мен төлем карталарын ашудың, жүргізудің және жабудың жалпы талаптарын (бұдан әрі – Жалпы талаптар) толық көлемде, қандай да бір ескертулерсіз және қарсылықтарсыз оқып, түсінді және оларға толықтай қосылады, сондай-ақ Шарттың, Қағидалардың барлық ережесін, Жалпы талаптарын мүлтіксіз, уақтылы және толық көлемде орындау міндеттемесін қабылдайды.

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

- 1.1. Осы Шартта Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген ұғымдар және Шарттың 1.2-тармағында айқындалатын мәндердегі ұғымдар пайдаланылады.
- 1.2. Шартта қолданылатын терминдер мен анықтамалар:

- 1) **Авторландыру** – Банктің Операция бойынша есеп айырысуды Картаның лимиті шегінде жүзеге асыру міндетін туындататын осындай Операцияны жасау үшін Банктің Клиентке беретін рұқсаты;
- 2) **Брокер** – тіркеу еліндегі уәкілетті органның қолданыстағы лицензиясы бар, Freedom Holding қаржы тобына кіретін, Банк өзінің сату арналары арқылы Карталарды сату (Карталардың төлеуге ақша қабылдау) үшін тартатын, Өнім бойынша Банктің серіктесі болып табылатын заңды тұлға, бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушы. Брокерлердің тізімі Банктің сайтында көрсетіледі;
- 3) **Белсендіру** – Банктің Картаны пайдалана отырып Операциялар жасауға техникалық шектеулерді алып тастауы;
- 4) **Банк** – «Фридом Банк Қазақстан» АҚ, Карта эмитенті;
- 5) **Брокерлік шот** — қаржы құралдарымен операциялар жасау мақсатында Брокерде ашылатын дербес шот;
- 6) **Шарт** – осы «Фридом Банк Қазақстан» АҚ-тың алдын ала төленген төлем картасын шығару, тарату және қызмет көрсету шарты;
- 7) **Карта** – «Пакеттік припэйд» өнімі бойынша цифрлық форматта алдын ала төленген төлем картасы, оны Белсендірген кезде ЭТҚ-ға байланыстырылады, Клиент алдын ала енгізген және Банктің шоғырландырылған шотында ескерілетін ақша сомасы шегінде Клиентке төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыруға мүмкіндік береді;
- 8) **Байланыс орталығы** – төлем карталарын ұстаушыларға және Банктің басқа да көрсетілетін қызметтерін пайдаланушыларға қызмет көрсету арналары бойынша тәулік бойы сервистік қолдауды жүзеге асыруға жауапты Банктің байланыс орталығының бөлімшесі;
- 9) **Картаның лимиті** (номинал) – Банктің Клиент алдында міндеттемесі, ал Клиенттің Банкке Талап қою құқығы бар теңгедегі немесе шетел валютасындағы ақша сомасы. Клиент Картаны пайдалана отырып Операцияларды жүзеге асыра алатын Банк Карта шығара алатын Лимиттің ең жоғары мөлшері Карта шығарылған күнге айқындалатын 200 000 (екі жүз мың) теңгеге тең сомадан немесе оның шетел валютасындағы баламасынан аспауға тиіс;
- 10) **Жеке кабинет** – авторландырылған аймақта Клиенттің кіруге рұқсаты бар Банктің Сайтындағы дербес бет;
- 11) **Банктің мобилді қолданбасы** – смартфондардың экрандарына және мобилді құрылғыларда орнатылатын операциялық жүйелерге бейімделген Банктің бағдарламалық жасақтамасы;
- 12) **Брокердің мобилді қолданбасы** – смартфондардың экрандарына және мобилді құрылғыларда орнатылатын операциялық жүйелерге бейімделген Брокердің бағдарламалық жасақтамасы;
- 13) **ХТЖ** – Операцияларды жүзеге асыру үшін төлем карталарын ССК қабылдайтын халықаралық төлем жүйелеріне қатысушы тараптар арасындағы өзара есеп айырысу және транзакциялар алмасу жүйесі;
- 14) **Банк міндеттемесі** – Картаның лимиті шегінде Операциялар бойынша есеп айырысуды жүзеге асыру бойынша Банктің Клиент алдындағы міндеттемесі;
- 15) **АЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚ** – ақшаны жылыстату / терроризмді қаржыландыру/жаппай қырып-жоятын қаруды таратуды қаржыландыру;
- 16) **Операция** – банк өнімінің талаптарына сәйкес Картаны және/немесе өзге де операцияларды пайдалана отырып тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу бойынша операция;
- 17) **Қайтару операциясы** – бұған дейін жасалған Операция бойынша ақшаны Картаға толық немесе ішінара қайтарған кезде Картаны пайдалана отырып ЭТҚ-да жасалатын есептік операция;
- 18) **Клиенттің талап ету құқығы** – Банктің ЭТҚ/Картаның Лимиті шегінде Операциялар бойынша есеп айырысуды жүзеге асыруы бойынша Клиенттің Банкке қоятын Талап ету Құқығы;
- 19) **ССК** – Картаны пайдалана отырып, тауарларды/жұмыстарды/көрсетілетін қызметтерді сататын сауда және сервис кәсіпорны;
- 20) **Пакеттік припэйд (бұдан әрі - Өнім)** – Клиенттің D шотын пайдалану арқылы және D шотындағы қаражаттың есебінен Карта шығаруға байланысты банк өнімі;
- 21) **ЭТҚ деректемелері** – ЭТҚ-ың нөмірі, ЭТҚ-ның қолданыс мерзімі, CVV2 немесе ПИН-код;
- 22) **Сайт** – мәтіндік, графикалық, аудиовизуалды немесе өзге түрде көрсетілетін, аппараттық-бағдарламалық кешенде орналастырылатын, бірегей желілік мекенжайы және (немесе) домендік атауы бар және Интернетте жұмыс істейтін Банктің немесе Брокердің электрондық ақпараттық ресурсы. Банк Сайтының мекенжайы: www.bankffn.kz. Брокерлердің Сайттарының мекенжайлары Банктің Сайтында

көрсетілген;

23) **Электрондық төлем құралы (ЭТҚ)** – Клиенттің (ЭТҚ иесінің) Банктен Карталарды сатып алуға және Клиенттің Брокерде ашылған Брокерлік шоттағы қаражаты есебінен банк Өнімі бойынша қолжетімді операцияларға бастама жасауға кіру құралы. ЭТҚ цифрлық үлгіде және зат пластигі үлгісінде шығарылады, Клиентке сатып алынған Карталарды пайдалана отырып, Брокерлік шоттағы ақша сомасы шегінде төлемдерді және/немесе ақша аударымдарын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. ЭТҚ-тың маркетингтік атауы – Freedom Banker Card;

24) **Тарифтер** – Банктің уәкілетті органы бекіткен, Банк қызметіне байланысты көрсетілетін банк қызметтеріне ақы төленетін күні қолданылатын қызметтер үшін төлемдер мен комиссиялардың мөлшерлемелері. Тарифтер Интернет желісінде Банктің мынадай: www.bankffin.kz мекенжай бойынша сайтында бойынша орналастырылған;

25) **CVV2** – Card verification value – Visa ХТЖ термині. CVC2 Mastersard терминіне ұқсас қасиеттер;

26) **D шоты** – Клиенттің ақшасын толтыру, сақтау және алу үшін пайдалануға болатын Брокерлік шот ашылған кезде Брокерде ашылатын қосымша жеке шот;

27) **MCC (Merchant Category Code)** – тауарды сатушы санатының коды сауда/сервис кәсіпорындары көрсететін тауарларды/көрсетілетін қызметтерді жіктеу үшін қолданылады.

28) **ОТР коды** (бір рет (біржолғы) код) – Клиенттің сұратуы бойынша бағдарламалық-техникалық құралдармен жасалатын және Шарт жасасу кезінде бір рет пайдалануға арналған электрондық цифрлық таңбалардың бірегей реттілігі.

1. ШАРТТЫҢ НЫСАНЫ

1.1. Шарт бойынша Банк ЭТҚ шығару мен беруге және ЭТҚ шеңберінде Клиентке Карталар шығаруға, сондай-ақ оған Шартта көзделген тәртіппен және талаптарда қызмет көрсетуге міндеттенеді.

1.2. Клиент ЭТҚ мен Картаны Қазақстан Республикасы заңнамасының, ХТЖ қағидаларының және Шарттың талаптары мен ережелеріне сәйкес пайдалануға міндеттенеді.

1.3. Шарт Банк шығарған ЭТҚ/Карталарды иеленетін және/немесе пайдаланатын барлық тұлға үшін міндетті болып табылады.

2. ЭТҚ САТЫП АЛУ ТӘРТІБІ МЕН ТАЛАПТАРЫ

2.1. Брокерде Клиенттің D шоты болған жағдайда ғана Өнімді ашу болады.

2.2. Клиент бір Брокерден D шотына байланған 1 (біреуден) аспайтын ЭТҚ аша алады.

2.3. ЭТҚ-ға Клиенттің Брокердегі D шотының әрбір валютасы бөлінісінде шот ашылады.

2.4. Клиенттің Брокердегі D шотына байланған басқа карталық өнім болған кезде ЭТҚ ресімдеуге жол берілмейді.

2.5. Банк ЭТҚ-ны Брокердің мобилді қолданбасы арқылы немесе Брокердің сату нүктелерінде іске асырылады.

2.6. ЭТҚ сатып алу үшін Клиент мынадай әрекеттерді орындайды:

1) Брокердің Мобилді қолданбасында немесе Банктің Сайтында Шартпен танысады;

2) Брокердің Мобилді қолданбасында өзінің ұялы телефон нөмірін (бұдан әрі – Телефон нөмірі) көрсетеді;

3) Брокердің Мобилді қолданбасында Банк Телефон нөміріне жіберген SMS хабарламада көрсетілген ОТР кодын енгізеді. Клиенттің ОТР кодын енгізгені Клиенттің Шарт талаптарымен танысып шыққанын және олармен келісетінін растау болып табылады;

4) пластикте шығарылған Қазақстан Республикасының аумағы шегінде ЭТҚ-ны жеткізу мекенжайын көрсетеді (егер Өнімнің талаптарына сәйкес пластик болып шығарылған Карта таңдалса).

2.7. Банк ЭТҚ Деректемелерін Телефон нөміріне SMS хабарламамен жұмыс күнінен кешіктірмей жіберу арқылы ЭТҚ Клиентке беріледі. ЭТҚ Өнім талаптарына сәйкес цифрлық үлгіде немесе материалдық тасымалдағышта (пластикте) шығарылады және Клиентке беріледі. Клиент ЭТҚ Деректемелерін алған сәттен бастап ЭТҚ-ны сатып алған болып саналады.

2.8. ЭТҚ Деректемелерін қайта алу үшін Клиент Банктің Мобилді қолданбасында немесе Брокердің Мобилді қолданбасында Телефон нөмірі және Банк SMS хабарлама арқылы Телефон нөміріне жіберген ОТР кодын енгізу арқылы тіркелуі қажет. ЭТҚ Деректемелері Клиентке Банктің Телефон нөміріне SMS хабарлама түрінде жіберіледі.

2.9. ЭТҚ-ға байланған Карта белсендірілген сәттен бастап Банктің Клиент алдында Карта Лимитінің

сомасына Міндеттемесі, ал Клиенттің Шарттың 4-бөлімінде көрсетілген негіздер болмаған жағдайда Банкке бірдей сомаға Талап ету қою Құқығы туындайды. Банктің Клиент алдындағы Міндеттемесі және Клиенттің Банкке қоятын Талап ету Құқығы Карта шығарылған валютада көрсетіледі.

3. ЭТҚ ПАЙДАЛАНУ ТӘРТІБІ МЕН ТАЛАПТАРЫ

3.1. Карта және ЭТҚ Клиенттің Банкке қоятын Талап ету Құқығын Карта лимиті мен ЭТҚ шегінде куәландырады және Клиент Шарттың ережелерін ескере отырып, оның қолданылу мерзімі ішінде Операциялар жасау мақсаттары үшін пайдалана алады.

3.2. ЭТҚ пайдалана отырып қолма-қол ақша алу банкоматтарда белгіленген шектеулер шегінде жүзеге асырылады.

3.3. Банк Операция бойынша есеп айырысуды жүргізгеннен кейін Карта лимиті осындай Операцияның сомасына азаяды, тиісінше мұндай Операцияның сомасына Банктің Міндеттемелері мен Клиенттің Талап ету Құқығы да азаяды.

3.4. Банк қайтару Операциясы негізінде ақша алған жағдайда, ақша Клиенттің ЭТҚ-на есептеледі, бұл ретте Шарттың 4-бөлімінде көрсетілген негіздер болмаған жағдайда, тиісінше Банктің Клиент алдындағы Міндеттемелері және Клиенттің Банкке қоятын Талап ету Құқығы да осындай сомаға ұлғаяды.

3.5. Карта мен ЭТҚ-ны пайдалана отырып жүзеге асырылатын Операциялар Банктің шоғырландырылған шотында көрсетіледі. Жасалған Шарт шеңберінде Клиентке банктік шот ашылмайды.

3.6. 3.4-тармақта көрсетілген жағдайларды қоспағанда, Клиент не үшінші тұлғалар ЭТҚ-ны, оның ішінде ЭТҚ-ға ақша аудару нәтижесінде толтыруы мүмкін.

3.7. Картаны, оның ішінде оған Клиент не үшінші тұлғалар ақша аудару жолымен толтыруға болмайды.

3.8. Картаны белсендіру Клиент кез келген қол жетімді Операцияны жүргізгеннен кейін автоматты режимде жүзеге асырылады.

3.9. Клиенттің Картаны/ЭТҚ-ны пайдалануға және/немесе басқаруға, оның ішінде қашықтан тәсілмен үшінші тұлғаға беруінің салдары үшін Клиент жауапты болады.

3.10. Мынадай жағдайларда:

- шығыс Операциясының сомасы Карта/ЭТҚ бойынша ескерілетін ақша сомасынан (Лимит сомасынан) асқан;

- Клиент немесе Банк ЭТҚ-ны бұғаттаған немесе оның қолданылу мерзімі өткен;

- ЭТҚ-мен Операциялар жасау кезінде жіберілген қателер мен дәлсіздіктер анықталған жағдайда;

- ЭТҚ-ны пайдалана отырып, санкцияланбаған төлем жасауға күдік болған жағдайда;

- Банк Картаны/ЭТҚ-ны шығару бойынша қате нұсқау жасаған жағдайда;

- Қазақстан Республикасы заңнамасының және ХТЖ қағидаларының талаптары бұзылған жағдайда;

- Клиент Шарт бойынша міндеттерді орындамаған және тиісінше орындамаған жағдайда;

- Қазақстан Республикасының заңнамасында, халықаралық экономикалық санкциялардың талаптарында, Жалпы талаптарда, Қағидаларда және/немесе Өнім талаптарында көзделген өзге де жағдайларда Банктің ЭТҚ-мен Операциялар жүргізбеуге құқығы жоқ.

3.11. Клиенттің Қазақстан Республикасының заңнамасына және ХТЖ қағидаларына қайшы келетін мақсаттарда, оның ішінде олар тыйым салған тауарларды/көрсетілетін қызметтерді/жұмыстарды сатып алу, мыналарды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей: жоғары тәуекелді МСС – казино, криптобиржа және т.б., Р2Р, АТМ офшорлық аймақтардан/аймақтарға тәуекел деңгейі жоғары елдерден/елдерге сатып алу мақсатында Картаны/ЭТҚ-ны пайдалануға құқығы жоқ. Банк тыйым салынған тауарлардың/көрсетілетін қызметтердің/жұмыстардың, аумақтық аймақтардың тізбесін өз қалауы бойынша кеңйте алады.

3.12. Карта/ЭТҚ бойынша есепке алынатын ақшаны Клиент Өнімнің талаптарына сәйкес оның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін жұмсауға тиіс.

3.13. Егер Операция Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде жүргізілсе, онда Операция ХТЖ қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады. Банктің ХТЖ-мен есеп айырысу валютасы АҚШ доллары болып табылады. АҚШ долларынан басқа валютада ХТЖ арқылы жасалған Операция сомасы осы Операция бойынша есеп айырысу күні белгіленген ХТЖ бағамы бойынша АҚШ долларына айырбасталады.

3.14. Егер Операция валютасы Карта бойынша есепке алынатын ақша валютасынан өзгеше болса, онда Операция валютасын айырбастау Операция жасалған сәтте белгіленген Банк бағамы бойынша жүзеге асырылады.

3.15. Клиент пен Брокер арасында шарттар жасалған және осындай шарттарда Карталарды шығарудың және/немесе Операциялар жасаудың Шартта көзделген тәртіптен өзгеше өзге тәртібі мен талаптары белгіленген жағдайда, Шарттың ережелері қолданылады. Өзге шарттардың ережелері Шартқа қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады.

3.16. Өнімді басқару Клиентке Банктің/Брокердің Мобилді қолданбасының авторландырылған аймағында қол жетімді, онда Өнім туралы барлық ақпарат берілген.

3.17. Банк Клиентке Банктің Сайтында немесе Мобилді қолданбасында қарау мүмкіндігін ұсынады:

- 1) ЭТҚ бойынша жүзеге асырылатын операциялар;
- 2) ЭТҚ-дағы ақша қалдығы;
- 3) шығарылған Карталар тізімі/ЭТҚ.

3.18 ЭТҚ-ның көмегімен шығыс операцияларын жүргізу кезінде Карталарды сатып алу жүргізіледі, оның шеңберінде Клиенттің пайдасына Брокерлік шоттан ақша алу және Клиенттің Карталарды сатып алуы, сондай-ақ Клиенттің ЭТҚ-на ақша аударып отырып, Карталардан ақшаны есептен шығару жүргізіледі. Клиент ЭТҚ арқылы төлем жасай отырып, Брокерге Брокерлік шоттан Клиенттің Банктегі ЭТҚ-на ақша алу туралы және Карталарды сатып алу үшін көрсетілген қаражатты пайдалануға және Карталардан ақшаны кейіннен есептен шығаруға және ЭТҚ-ның көмегімен Клиент жасаған банк операцияларын орындауға есептен шығарылған ақшаны жіберуге сөзсіз нұсқау/келісім береді.

3.19. ЭТҚ-ға кіріс операцияларын жүзеге асыру кезінде Клиент Карталарды сатып алады: Карталардағы ақша ЭТҚ-ға есептен шығарылады, содан кейін Клиенттің Брокерлік шотына ақша аударылады. Өнім шеңберінде Клиентке шығарылған ЭТҚ-ға ақша аударымын жасай отырып, Клиент Офертаның акцептімен Банкке осы ақшаны тиісті сомаға Карталар сатып алуға жіберуге және Клиенттің Банктегі ЭТҚ-на барлық ақша сомасын одан әрі аударуға сөзсіз нұсқау/келісім береді, сондай-ақ, осымен Клиенттің ЭТҚ-нан бұл ақша автоматты режимде Брокерлік шотқа аударылатымен келіседі.

4. ЭТҚ БҰҒАТТАУ ЖӘНЕ ЭТҚ ЖАБУ:

4.1. Мынадай:

- Клиент Шарттың, Қағидаларының талаптарын бұзуған;
- егер Карта бойынша ақша жұмсалса немесе Клиентке қайтарылса;
- егер Клиенттен Картаны/ЭТҚ-ны үшінші тұлға заңсыз пайдаланады деген өтініш келіп түскен болса және/немесе Банк заңды негіздері жоқ басқа үшінші тұлғалардың Банкінің Картасын/ЭТҚ/Мобилді қолданбасын пайдалануы құқығын ұсыну және/немесе беру жағдайларын анықтаса;
- Банктің Картасы/ЭТҚ/ Мобилді қолданбасы заңсыз, алаяқтық операцияларды, құқыққа қарсы/ қылмыстық қызметті, ҚЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚ операцияларын жасау үшін пайдаланылады деген күдіктің бар- жоғы, уәкілетті мемлекеттік органдардың банк шоттарына халықаралық экономикалық санкциялар/ белгіленген шектеулер талаптарынан жалтаруға бағытталған болса;
- Шарт бойынша Операцияларды шектейтін не Шарттың нысанына тікелей қатысты қызметке тыйым салатын Қазақстан Республикасының заңнамасына өзгерістер енгізілсе;
- Жалпы талаптарда, Қағидаларда көзделген жағдайда, Банктің Картаны/ЭТҚ-ны оның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін өз бастамасы бойынша бұғаттауға құқығы бар.

4.2. Қолданылу мерзімі өткеннен кейін ЭТҚ автоматты түрде бұғатталады.

4.3. Бұғатталған ЭТҚ бұғатталған күні жабық деп есептеледі.

4.4. ЭТҚ бойынша ақшаны қайтару Клиенттің Банкке оның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін берген өтініші негізінде жүргізіледі.

5. ОПЕРАЦИЯЛАРДЫ ЖҮРГІЗУГЕ БАЙЛАНЫСТЫ ТАЛАПТАРДЫ ШЕШУ

5.1. Жүргізілген Операция/санкцияланбаған Операция бойынша қарсылықтар болған кезде Клиенттің Операция жасалған күннен бастап күнтізбелік 35 (отыз бес) күн ішінде Банкке шағымды негіздейтін құжаттарды, сондай-ақ Банктің Мобилді қолданбасында авторландырылған Клиентке Телефон нөмірінің тиесілігін растайтын құжаттарды міндетті түрде қоса бере отырып, ол бойынша жазбаша шағым беруге құқығы бар.

5.2. Клиенттің шағымы негізді болған жағдайда, егер тиісті Операцияны ХТЖ-да жоюға мүмкіндік болса, Банк жүргізілген тергеу негізінде мұндай Операцияны жоя алады.

5.3. Клиент санкцияланбаған Операцияны өтеу туралы өтініш жасаған жағдайда, Банк жазбаша өтініш берілген сәттен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде санкцияланбаған сома мөлшеріндегі ақша сомасын өтейді не себебін көрсете отырып, санкцияланбаған Операцияны өтеуден бас тарту туралы жазбаша хабарламаны өтініште көрсетілген мекенжайға жібереді.

5.4. Егер санкцияланбаған Операция бойынша Клиенттің шағымын қарау үшін үшінші тұлғалардан қосымша ақпарат алу талап етілсе, қарастыру және шешім қабылдау Қазақстан Республикасының ішінде жасалған Операциялар бойынша күнтізбелік 30 (отыз) күн немесе шетелде жасалған Операциялар бойынша күнтізбелік 60 (алпыс) күн ішінде жүргізіледі, бұл туралы Клиентке Телефон нөмірі бойынша хабарланады.

5.5. Егер үшінші тұлға Банктің ЭТҚ/Картасын/Мобилді қолданбасын заңсыз пайдаланса, онда Клиент бұл фактіні анықтаған кезде, Банк Сайтында көрсетілген байланыс деректері бойынша бұл туралы Банкке дереу хабарлауға, сондай-ақ Банктің Мобилді қолданбасына үшінші тұлғаларға кіруді (авторландырылған аймақтан шығу, парольді өзгерту және басқалар) өшіру жөнінде шаралар қолдануға тиіс.

6. ОПЕРАЦИЯЛАР ЖҮРГІЗГЕНІ ҮШІН БАНК КОМИССИЯСЫ:

6.1. Операцияларды жүргізгені үшін комиссиялар есептен шығару күні қолданыстағы Тарифтерге сәйкес алынады.

6.2. Операцияларды жүргізгені үшін комиссияларды төлеу Банктің Брокерлік шоттан ақшаны есептен шығару жолымен жүргізіледі.

6.3. Клиент Шарт бойынша Банктің көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеу бойынша Тарифтердің мөлшері, оның ішінде ұлғаю жағына қарай төмендегідей:

1) Қағидаларда көзделген Шартты жасасу күні қолданылатын Тарифтердің шекті шамасы шеңберінде ғана;

2) және/немесе Банктің Сайтында Банктің көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеу бойынша Тарифтердің мөлшерін өзгертуге ниет білдіргені туралы хабарлама орналастыру арқылы өзгеруі мүмкін екендігімен келіседі. Егер Банктің хабарламасында көрсетілген мерзім ішінде Клиент өзгертілетін Тарифтерді қабылдаудан бас тарту туралы жазбаша өтінішпен Банкке жүгінбесе, Клиент Тарифтерді қабылдаған болып есептеледі. Банк Клиентке Тарифтердегі жоспарланатын өзгерістер туралы ақпаратты Банктің Сайтында болжамды өзгерістер күніне дейін күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын орналастыру арқылы хабарлайды.

7. БАНК ПЕН КЛИЕНТТІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

7.1. Банк:

1) Шарт жасасқаннан және Клиенттен ЭТҚ төлеуге ақша алғаннан кейін ЭТҚ беруді жүзеге асыруға;

2) Шартқа сәйкес мұндай Операциялар Шарттың ережелерін бұзбаған, Қазақстан Республикасы заңнамасының және ХТЖ қағидаларының талаптарын бұзбаған және қайшы келмеген жағдайларда, оларға қатысты Банкте Операция бойынша есеп айырысуды жүргізу үшін барлық қажетті құжат болған жағдайда, Карта лимиті шегінде операциялар бойынша есеп айырысуды жүзеге асыруға;

3) Клиентке жазбаша өтініштің негізінде өтінішті алған күннен кейінгі 5 (бес) жұмыс күні ішінде ЭТҚ-ны пайдаланумен байланысты құжаттар мен ақпаратты өтініште көрсетілген мекенжайларға жіберу жолымен ұсынуға;

4) Клиентті ЭТҚ-ның мерзімі аяқталғанға дейін 1 (күнтізбелік бір ай) бұрын оның қолданылу мерзімінің аяқталғаны туралы Телефон нөміріне не Банктің Мобилді қолданбасына хабарлама жіберу арқылы хабардар етуге;

5) Клиенттің Телефон нөміріне SMS хабарлама жіберу арқылы Клиентке ЭТҚ деректемелерін ұсынуға **міндеттенеді**.

7.2. Клиент:

1) Карта лимиті шегінде Картаны пайдалана отырып Операциялар жасауға;

2) Шарттың 3.11-тармағында көрсетілген тыйым салынған тауарлар/көрсетілетін

қызметтер/жұмыстар үшін операциялар жүргізбеуге;

3) ЭТҚ-ның қолданылуы тоқтатылғаннан кейін ЭТҚ-ны пайдаланбауға және ЭТҚ-ны пайдаланып Операциялар жасамауға/жасауға тырыспауға;

4) ЭТҚ (ЭТҚ деректемелері) туралы ақпараттың таралуын немесе олардың (ЭТҚ және ЭТҚ деректемелері) рұқсатсыз пайдаланылуын болдырмау үшін барлық ақылға қонымды шараны қабылдауға;

5) Банктің Мобилді қолданбасын/ЭТҚ/Картасын, ЭТҚ деректемелері туралы мәліметтерді және Шарт шеңберінде алатын ақпаратты (Шартта көзделген жағдайды қоспағанда) үшінші тұлғаларға пайдалануға бермеуге;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында және ХТЖ қағидаларында, Банктің қаржы нарығындағы қызметіне әсер ететін шет мемлекеттердің заңнамасында, халықаралық экономикалық санкциялар талаптарында осындай Операцияларға қойылатын талаптарды сақтай отырып Операциялар жасауға;

7) Операциялар жасау кезінде ресімделген Құжаттарды оларды алған, әрбір Операцияны жүргізген күннен бастап күнтізбелік 180 (жүз сексен) күн ішінде сақтауға және даулы мәселелерді/шағымдарды реттеу мақсатында оларды бірінші талап ету бойынша Банкке ұсынуға;

8) Банктің бірінші талап етуі бойынша, Банк белгілеген мерзімдерде ақшаның шығу көзі, оны нысаналы пайдалану бойынша қоса алғанда, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтау, халықаралық экономикалық санкциялар талаптарын орындау мақсаттары үшін, сондай-ақ «Өз клиентіңді біл» («Know Your Client») қажетті рәсімдерінің барлық талабын сақтау үшін сұратылатын кез келген құжаттар мен ақпаратты немесе Банктегі және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де осындай рәсімдерді ұсынуға және/немесе ұсынуды қамтамасыз етуге міндеттенеді. Клиенттің Банк сұратқан құжаттама мен ақпаратты бермеуі Банктің төлем қызметтерін көрсетуді тоқтата тұруы не одан бас тартуы үшін негіз бола алады және/немесе Банктің Шартта, Қағидаларда көзделген тәртіппен Шарттан біржақты бас тартуы үшін негіз бола алады;

9) Банкке келтірілген залалды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өтеуге;

10) Шартта көзделген міндеттемелерді, Қағидаларды, оның ішінде Қағидалардың 2 және 13-баптарын ескере отырып, толық көлемде орындауға;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қазақстан Республикасы қол қойған және таныған халықаралық шарттарда көзделген, банк қызметін жүзеге асырудың халықаралық қағидалары мен әдет-ғұрыптарынан туындайтын өзге де міндеттемелерді көтеруге;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасында, Шартта, Қағидаларда көзделген жауаптылық пен өзге де міндеттерді атқаруға **міндеттенеді**.

7.3. Банктің:

1) Өнім талаптарына сәйкес ЭТҚ шығару және (немесе) қызмет көрсету комиссиясын (ол болған кезде), аударым үшін комиссияны (бар болса) қоса алғанда, Клиенттен ЭТҚ-ға ақы төлеуге ақша алуға;

2) Банктің Клиент алдындағы Міндеттемелері және Клиенттің Банкке қоятын Талап ету құқықтары сияқты Карта лимитінің/ЭТҚ есебін дербес жүргізуге және Карта лимитінің/ЭТҚ сомасында/мөлшерінде, Банктің Клиент алдындағы Міндеттемесінде, Клиенттің Банкке қоятын Талап ету құқығында қажетті өзгерістер жүргізуге;

3) Мынадай:

- Шартта, Қағидаларда және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында, сондай-ақ ХТЖ қағидаларында белгіленген талаптарды бұза отырып Операция жасаған;

- егер Операцияның сомасы ЭТҚ лимитінен асып кетсе;

- Клиент Операцияны жүргізуді растайтын қажетті құжаттарды ұсынбаған жағдайда, егер бұл Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе ХТЖ қағидаларында көзделген болса;

- егер Операцияға қатысты Авторландыру берілмесе;

- егер Банктегі деректерден (оның ішінде Клиент және/немесе қатысушы ұсынған есеп айырысудан) жүргізілетін Операцияның Қазақстан Республикасы заңнамасының және/немесе Шарттың, сондай-ақ ХТЖ қағидаларының талаптарына сәйкес келмеуі туындаса;

- Шарттың 3.11-тармағында көзделген жағдайларда Операция бойынша есеп айырысудан бас тартуға және мұндай есептеулерді жүзеге асырмауға.

4) қызмет көрсету сапасын бақылауды жүзеге асыру үшін Банктің Байланыс орталығына жүгінген

кезде Клиентпен телефон арқылы сөйлесудің жазбасын жүргізуге;

5) Клиенттің нұсқаулықтарын, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында, Шартта, Қағидаларда, Банктің ішкі құжаттарында көзделген жағдайларда, сондай-ақ Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді, қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамада көзделген жағдайларда төлемдерді/аударымдарды жүзеге асыруға байланысты нұсқаулықтарды, Банктің қаржы нарығындағы қызметіне ықпал ететін, оның ішінде халықаралық экономикалық санкциялар талаптарына сәйкес шетелдік заңнаманы орындамауға;

6) Клиенттен кез келген құжаттар мен ақпаратты, оның ішінде ақшаның шығу көзі, оны нысаналы пайдалану жөніндегі ақпаратты, валюталық заңнаманың, сондай-ақ заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы заңнаманың, Банктің қаржы нарығындағы қызметіне ықпал ететін шетелдік заңнаманың талаптары, халықаралық экономикалық санкциялардың, Банктің ішкі құжаттарының талаптары шеңберінде төлемді жүргізудің және ЭТҚ бойынша Операцияларды жүзеге асырудың негізділігін растайтын құжаттарды сұратуға. Мұндай құжаттар мен ақпаратты зерделеу уақытына ЭТҚ /Карта бойынша операциялар жүргізбеуге;

7) Банкте алаяқтық операциялардың жүргізілгені туралы күдік болған кезде және/немесе Банк клиентті және/немесе ол жасаған/оның пайдасына жасалған операцияларды тиісінше тексеру рәсімін жүргізген кезде және/немесе ақшаны жылыстатуға, терроризмді қаржыландыруға және/ немесе клиент күдікті/күмәнді операция тартылды/ қатысты және/немесе клиент жасаған операциялар/іс-қимылмән-жайлар анықталғанға дейін Клиентті хабардар етпей, Банктің белгіленген рәсімдерін айналып өтуге/жалтаруға бағытталған деген күдігі болған кезде Банктің Мобилді қолданбасына/ЭТҚ-ға/Картасына мүмкіндікті бұғаттауға;

8) Банктің Мобилді қолданбасына/ЭТҚ-ға/Клиенттің Картасына, оның ішінде Банк тиісті тексеру жүргізген кезде және/немесе Қазақстан Республикасы заңнамасының, халықаралық экономикалық санкциялардың талаптарын орындау шеңберінде уақытша шектеулер қоюға;

9) Банк тиісті тексеру жүргізген кезде және/немесе Қазақстан Республикасы заңнамасының, халықаралық экономикалық санкциялардың талаптарын орындау шеңберінде Клиент Банкке Банк сұратқан тиісті жазбаша түсініктемелерді растайтын құжаттарды ауызша және/немесе жазбаша үлгіде ұсынбаған жағдайда, Банктің Мобилді қолданбасына/ЭТҚ-ға/Клиенттің Картасына уақытша шектеулер қоюға;

10) Клиент Қазақстан Республикасының заңнамасын, халықаралық экономикалық санкциялар талаптарын, Банктің ішкі нормативтік құжаттарын, Шартты бұзған жағдайда, сондай-ақ Жалпы талаптарда, Қағидаларда көзделген негіздерде операцияны жүргізуді тоқтата тұруға және/немесе одан бас тартуға және/немесе іскерлік қатынастарды біржақты тәртіппен бұзуға **құқығы бар**.

7.4. Клиенттің:

1) Карта лимиті/ЭТҚ (Карта лимиттерінің сомасы) шегінде Операциялар жасауға;

2) Банктен ЭТҚ-дан ақшаны есептен шығарудың дұрыстығын растайтын құжаттардың көшірмелерін талап етуге **құқығы бар**.

8. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

8.1. Егер Тараптардың Шартқа, Қазақстан Республикасының заңнамасына, сондай-ақ ХТЖ қағидаларына сәйкес Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы/тиісінше орындамауы мыналар: дүлей зілзала, әлеуметтік катаклизмдер, органдардың іс-әрекеттері, билік жәнн олардың лауазымды адамдарының, оның ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және қадағалау агенттігінің Шарттың нысанына тікелей қатысты қызметке тыйым салатын немесе шектейтін іс-қимылдары, шешімдері, Тараптарға байланысты емес себептер бойынша техниканың істен шығуына, бағдарламалық жасақтаманың және деректерді беру жүйесінің істен шығуына әкеп соғатын басқа да мән-жайлар кіретін, бірақ олармен шектелмейтін еңсерілмейтін күш мән-жайларының салдарынан болмаса, олар мұндай орындамағаны/тиісінше орындамағаны үшін жауап береді. Осы тармақта көзделген еңсерілмейтін күш мән-жайлары басталған кезде Тараптардың Шарт бойынша міндеттемелерін орындау мерзімі осындай мән-жайлар созылатын уақытқа (еңсерілмейтін күш мән-жайларының созылу кезеңінде Картаның қолданылу мерзімі өткен не Карта Шарт талаптарына сәйкес бұғатталған кездегі Банктің міндеттемелерін қоспағанда) шегеріледі.

8.2. Банк мыналар:

- үшінші тараптың Картаға/ЭТҚ-ға қызмет көрсетуінен бас тартқаны;
- Карта/ЭТҚ бойынша сатып алынатын тауарлар мен қызметтердің сапасы;
- Картаның/ЭТҚ-ның және Телефон нөмірінің жоғалуы/ұрлануы салдары, үшінші тұлға Мобилді қолданбаны/Картаны/ЭТҚ-ны және/немесе Телефон нөмірін пайдаланғаны, сондай-ақ уәкілетті емес адамдар Карта/ЭТҚ (санкциясыз кіру) бойынша ескерілетін ақшаға қол жеткізген кезде;
- Шарт талаптарын сақтамаудан туындаған Клиенттің шығыны;
- Клиенттің тапсырмасы бойынша Банк жүргізген немесе жүргізетін ақша аударымына қатысты халықаралық ұйымдар, шетелдік мемлекеттік және/немесе мемлекеттік емес ұйымдар қолданатын әрекеттер, шешімдер (қаулылар, өкімдер және т.б.), санкциялар;
- операция валютасын есеп айырысу валютасына айырбастау кезіндегі ХТЖ-ның іс-қимылы;
- есеп айырысу валютасынан авторландыру валютасын өзгерту бойынша ЭТҚ-ның іс-қимылы;
- Америка Құрама Штаттарының «Шетелдік шоттарға салық салу туралы» Заңының күшіне енуіне байланысты шетелдік банктердің (қаржы институттарының) соманы ұстап қалуы **үшін жауап бермейді**. Жүргізілетін ұстап қалу Банк Клиенттің тапсырмалары бойынша міндеттемелерді бұзған болып табылмайды.

8.3. Клиент:

- Клиенттің Шарт талаптарын толық көлемде сақтамауы нәтижесінде Банкке келтірілген залал;
- Шартта көзделген өз міндеттерін орындамағаны;
- Операцияларды жүргізу кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтамағаны;
- ПИН-кодтың құпиясын сақтамағаны, оған және/немесе Картаға/ЭТҚ-ға уәкілетті емес адамдар қол жеткізгені және ПИН-кодты жария етудің салдары;
- Картаны/ЭТҚ, ПИН-кодты және телефон нөмірін жоғалтудың/ұрлаудың салдары;
- үшінші тұлға Картаны/ЭТҚ-ны және/немесе Телефон нөмірін пайдаланғаны;
- Банкке ұсынатын барлық құжаттағы мәліметтердің дұрыстығы мен толықтығы;
- Банк Картаның/ЭТҚ-ның заңсыз пайдаланылғаны туралы сұратуды (қоса алғанда) алған күнге дейін үшінші тұлғалар Картаны/ЭТҚ-ны пайдалана отырып жасаған барлық Операция (оның ішінде санкцияланбаған төлемдер үшін) үшін жауапты.

9. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ЕСКЕРТУ

9.1. Шартты жасасу, орындау, өзгерту және бұзу кезінде Тараптар өздеріне қолданыстағы заңнамада тікелей немесе жанама түрде сыбайлас жемқорлық ретінде сараланатын мынадай: пара беру/алу/заңсыз сыйақы, коммерциялық пара беру, лауазымдық жағдайды теріс пайдалану іс-қимылын, сондай-ақ қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға (КЖ/ТҚҚ) қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының, Қазақстан Республикасының халықаралық құқық нормалары мен халықаралық шарттарының талаптарын бұзатын іс-қимылды және өзге де сыбайлас жемқорлық бұзушылықтар – Шарт Тараптары арасында да, сондай-ақ үшінші тұлғалармен және мемлекеттік органдармен қатынастарда да (бұдан әрі - сыбайлас жемқорлық әрекеттері) жүзеге асырмауға міндеттеме алады.

Тараптар көрсетілген талаптарды өздерінің үлестес (өзара байланысты) тұлғаларына, уәкілетті өкілдеріне жіберуге міндеттенеді.

9.2. Тараптар Шартты орындау шеңберінде:

- 1) өз қызметін алаяқтықтың кез келген түрінен абсолютті қабылдамау қағидаты, сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілік қағидаты бойынша жүзеге асыру және оларды іске асыру үшін әлеуметтік жауапкершілікті өз мойнына алуға;
- 2) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарын білуге және сақтауға;
- 3) екінші Тараптың лауазымды адамдарына, өкілдеріне, қызметкерлеріне немесе олардың үлестес тұлғаларына коммерциялық пара беруді жүзеге асырмауға;
- 4) сыбайлас жемқорлық пен алаяқтықтың алдын алу және алдын алу мәселелері бойынша екінші Тарапқа жәрдем көрсетуге;
- 5) *сыбайлас жемқорлық іс-қимылын жасаудың және/немесе осындай іс-қимыл жасауға ниетінің барлық дерегі туралы, сондай-ақ мұндай жағдайлар туралы белгілі болған жағдайларда Банктің compliance@freedombank.kz электрондық поштасы арқылы хабарлауға міндеттенеді.*

10. ШАРТТЫ ӨЗГЕРТУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ТАЛАПТАР

10.1. Шарт Клиент оны Шартта көзделген тәртіппен жасаған күннен бастап күшіне енеді. Шарт Карта/ЭТҚ жабылған күнге дейін қолданылады.

10.2. Осымен Клиентке барлық ССК Карталарды/ЭТҚ-ны қабылдай алмайтынын және ХТЖ және/немесе басқа ұйымдар Карталарды/ЭТҚ-ны пайдалана отырып жасалатын Операциялардың сомасы бойынша шектелуі мүмкін екенін хабардар етеді, түсінеді және келіседі.

10.3. Банк Шартты біржақты тәртіппен өзгерткен (толықтырған) кезде көрсетілген өзгерістер (толықтырулар) олар Банктің Сайтында жарияланған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн өткен соң қолданылады. Клиент Банктің Шарт талаптарын біржақты өзгертуімен келіспеген жағдайда, Клиенттің Шартты бұзғаны үшін қосымша комиссия төлемей, осындай өзгерістер немесе толықтырулар енгізілген күнге дейін Банкке жазбаша хабарлама жібере отырып, одан бас тартуға құқығы бар. Көрсетілген жағдайда Банк Клиенттен өтініш алған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн өткен соң Карта/ЭТҚ жабық деп есептеледі. Клиент Операцияларды жүзеге асыру арқылы Шарттың жаңа талаптарымен өзінің келісетінін растайды.

10.4. Шарт және Шарт шеңберінде Тараптардың қатынастарын реттейтін Банктің өзге де ішкі құжаттары (мәтіні Банктің www.bankffin.kz ресми Интернет-ресурсында орналастырылған), біртұтас құқықтық құрал болып табылады және өзара олардың әрқайсысы бір-бірінің ажырамас бөлігі болып табылады және біртұтас тұтастықты құрайды.

10.5. Шартта реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында реттеледі.